

Билер сотының құзіреті – ел бірлігін сақтау мақсатында әділ сотты жүзеге асыру.

Көшпелі қазақ қоғамында сот билігін ұйымдастыру билер соты түрінде болды. Билер қазақтың әдет-ғұрып құқықтарының нормаларын жақсы білуімен қатар, шешендігімен дауласушы тараптардың істерін әділ шешуге көп мән берді.

«Сот билігі – қазақтардың мемелекеттік символы болды. Ұлттық санада да сот билігі халыққа етене жақын тұрған билік саласы болып есептелді. Би, бүгінгі тілмен айтқанда, судья – ел қамқоры, халық жанашыры әрі ақылшысы бола білді. Қазақ даласындағы сот билігінің рухани ерекшелігі сол – сот процесіне қатысушылар одан не «жеңіп», не «жеңіліп» емес, «жеңілденіп» шығатын. Өйткені, оның басты мақсаты – бітім, бітімгершілік болатын» [1].

Қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде бидің мәні мен оның құқықтық мәртебесін анықтайтын құқықтық қағидалар мен нормалар болған. Тауке хан өзі ел басқарып отырған кезінде қазақтардың осы құқықтық нормалары мен қағидаларын бір жүйеге келтіріп, толықтырды. Осы тұжырымдалған заңдар «Жеті жарғы» деп аталды. Жеті жарғыға әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық нормалары, салықтық ережелер және діни көзқарастар енгізілген. Жеті жарғыда адамның жеке басына қарсы, мал мен мүлік қатынастарына қарсы жауапкершіліктерді, отбасы неке қатынастары туралы жауапкершіліктерді қамдастырған.

Жасаған қылмыстарына қарай билердің үкімдері шыққан. Бірақ, азаматтық-құқықтық сипаттағы даулар мен ең күрделі қатығыстар көп жағдайда бітімгершілікпен аяқталатын, яғни билер шағымданушы жақты татуластырып, бітімкершілікке шақырған. Жауапкер талапкердің келісімі бойынша құн төлеп құтылатын.

Дауды шешу кезінде билер сот әділдігін қамтамасыз етуге тырысты яғни әрбір тарап сотқа өзінің биімен, кейде өз руласының мүддесін қорғайтын бірнеше биімен қатысуға рұқсат етілді. Билер сотында сырттан кездейсоқ келіп бір тарапты жақтауға рұқсат етілмеді.

«Би болмасаң-болма, би түсетін үй бол» дегендей, сот ісін жүргізу ханның отыратын жерінде, алаңында, бидің үйінде немесе белгіленген жерлерде, көбінесе рулардың көшпелі мекендерінде өтті. «Шын би сөзіне бағады, сұм би көзіне бағады», «Шешендік күші шындық», «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар», «Турашыл би елін оздырады, тумашыл би елін аздырады» деген халықтың даналы сөздері арқылы, біздер билер сотында бидің тіл шешендігі мен сөз тапқырлығы нәтижесінде талай шиеленіскен істер бітімкершілікпен, екі ру арасын татуластырумен бітіп жатқанын, көшпелі қазақ даласындағы билердің ел қамын ойлаған данышпан азаматтар

болғаны байқалады. Егер, іс күрделі болмаған жағдайда талапкер мен жауапкердің қатысуымен бір ғана би істі шешіп отырды.

«Ит құтырса иесін табар, дау құтырса биін табар», «Жер дауы мен жесір дауы бітпейді», «Дауың жоқ болса кепіл бол» деген қазақтың мақалдарынның терең түп мағынасына ой жүгіртсек даудың шешімін билер сайысушылық іс-әрекеттер арқылы шеше білген.

Қазақтардың әдеп – ғұрып құқықтарының табиғатын анықтай келе, академик Салық Зиманов былай деп жазды: «Қазақтардың құқық әлемі мен құқықтық дүниетанымы тереңде жатыр. Қазақтар және олардың ата-бабалары өмір сүрген Орталық Азия мен Еуразия кеңістігінде сан империялар мен әлеуметтік-саяси жүйелер бірін-бірі толассыз алмастырумен болды. ...Қазақтың көшпелі қоғамы аясында, оның дүниені және құқықты тануда өзіндік ерекшеліктері болды. Адамгершілік құндылықтарға негізделген дала демократиясының институттары кең құлаш жайған көшпелі қоғамда пікірталас қисындылығының құралы ретінде әділ сот пен шешендік ділмарлықтың рөлін өте жоғары қойып, өзін-өзі басқару еркіндігіне деген ұмтылыс айқын сезілді» [2].

«Сөз шындыққа тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды», «Шешендіктің күші шындық», «Әділдікке жығылмайтын адам жоқ» деген мақалдардың мағынасында, билердің адамдардың өзара қарым қатынастарында тәртіптілікті реттейтін дәстүр мен әдет-ғұрып заңдарын негізге ала отырып шындықты шешуінің тарихи рөлі зор болды. Қазақтардың әдет-ғұрып дәстүрлі ережелері мен құқықтық күші бар әдет-ғұрып заңдары арасында белгілі бір белгі болған жоқ. Қоғамның саяси өмірінде ел бірлігін сақтау мақсатында билер соты жариялығымен, әділдігі және шешендік данышпандылықтары арқылы екі жақты татуластырумен бітімгершілікке көп мән беріп отырды.

Көп жылдар бойы Қазақстандағы Патша әкімшілігінде қызмет еткен көрнекті орыс зерттеушісі С.А. Словохотов қазақ халқының әдет ғұрпын терең зерттеген. Ұлы ғалым билер сотының халыққа жақындығына, әділдігіне көзі жетіп, билер сотын «бірегей» және «халықтық» деп есептеді» [3].

1867-1868 жылдарындағы басқару реформалары қазақ даласына көптеген өзгерістер енгізді. Қазақ даласының саяси өміріне терең де күрделі қайта құру жүргізілді. Соның бірі төл соты- билердің жағдайы. Патша үкіметі қазақ әдет-ғұрып жүйесін Ресей заңдарын бірте-бірте енгізіп күшін жою, ең болмаған күнде өзіне қызметке қою арқылы елді отарлаудағы басты құрал деп белгілеген. Ресей мен қазақ даласындағы саяси өмірдің алшақтығы, екі ел мәдениетінің бөлектігі және патша өкіметінің әсерінің әлі де әлсіздеу болуы халық дәстүрлеріне жол беруіне мәжбүр етіп отырды. Бұл құбылыстың айқын көрінетін жері билер сотын заң жүзінде бекітуінде болды. Бұл заңда ол қазақтардағы халық соты деген атпен жазылды «Қазақтардағы халық соты дегеніміз сайланған судья-билердің дауларды ел әдет-ғұрпымен шешуі»-деп анықтады Түркістан өлкесін басқару туралы уақытша заңның 181 параграфы» [4].

Қазақ халқының билері өздерінің атқаратын қызметтері мен заңдық биліктері бойынша Орта Азия хандықтарындағы билерден ерекшеленді. Орта Азиялық аймақтардағы түркі халықтарындағы билер әкімшілік және басқарушының қасында кеңесшілік қызмет атқарды. Қазақ билері көшпелі қазақ даласында соттық-құқықтық басқару негізін салушы билер ретінде дамыды. «Батыр елін жауға бермейді, би елін дауға бермейді» дегендей билер данышпандылығы мен шешендігімен елдің сыртқы саясатында да маңызды рөл атқарды. Би әдет-ғұрып дәстүрлі ережелері мен бірге «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» сияқты нормативтік құқықтық ережелерді білуге міндетті болды. Олардың әрқайсысы қысқа да нұсқа билік, нақыл тарихи сөздерден құралған еді.

Дауласқан даугерлерді, жауласқан ру аралық ішкі жауларды шешендік өнерімен, тапқырлық айтқыштығымен бітімкершілікке шақырып ел арасын татуластырып, рулық қарым қатынастарды нығайтуға билердің данышпандылығы керемет рөл атқарды. Би қоғамдық қайраткер ретінде бір рудың әрі тәрбиешісі және қамқоршысы болған. Би беделді болса сол руға кішігірім көршілес рулар келіп қосылған. Руаралық дауларда әр рудың биі сол рудың қорғаушысы болып қатысқан. Қазақи сот билігі – билер сотының шешендік сөз күш-құдіретіне негізделген. «Қара қылды қақ жарған» билер өтімді сөзімен, ақылды ойымен, әділ шешімімен халқына сыйлы болған. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білетін, әдет-ғұрып құқықтық нормаларын меңгерген, сөз өнерінің шебері, шиеленіскен істерді ақылдылығымен әділ жолмен шеуге тырысатын, халқының қамын ойлайтын шынайы азамат ғана би немесе судья бола алатын.

Билер халық алдында сот істерін жариялы жүргізу арқылы беделдерін нығайта түсті. Міндетті түрде би шешімі орындалып отырды. Оны орындау дауды жеңіп шыққан жаққа жүктелген және орындалуын ауыл ақсақалдары қадағалап отырды. Егер бидің үкімі орындалмаған жағдайда, талапкер өз ақсақалының ұрықсатымен барымта жасауға яғни жауапкердің малын жасырын түрде айдап әкетуге рұқсат алды. Бірақ барымталап келген малдың санын ақсақалдар немесе рубасы білуге міндетті болды. Егер жауапкер би отырысына яғни сотқа келмеген жағдайда, немесе салынған айыпты төлей алмайтын болса, онда салынған құнды оның туыстары немесе ағайындары төлейтін болған. «Бірлік жоқ жерде - тірлік жоқ» деген Төле бидің даналы сөзіне мән берсек, біздің қазақ халқының бауырмалдылығы мен ынтымақтылығын көреміз.

Ел бірлігін сақтау мақсатында көшпелі қазақ даласында халқының мақтанышына айналған данышпан билеріміз әділ сотты жүзеге асыру нәтижесінде қазақ халқының саяси жағынан да нығаюна зор ықпалын тигізді. Қазақ билерінің мақсаты - ішкі саяси тұрақтылықты сақтау арқылы халықтың біртұтастығын нығайту болды.

«Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру басты мақсатымыз.

...Біздің моделіміз басқа модельдердің элементтерін сабақтастыра отырып, бірақ негізінен өзіміздің ерешеліктерімізге, тарихымызға, жаңа азаматтарымызға және даму кезеңдерінің нақтылығын еске ала отырып, ұмтылыстарымызға сүйеніп, өзіміздің жеке даму жолымызды белгілейтін болады»- деп атап көрсетті, Президентіміз 2030 жылғы халқымызға арнаған жолдауында [5].

Көшпелі қазақ даласындағы ел құрметіне бөленген, аты аңызға айналған құрметті билеріміз қазіргі судья қызметін атқарды деген сөзді біз анық айтуымызға болады.

Елін, халқын, жерін сүйген данышпан билеріміздің өмір жолдарымен, олардың әділетті шешімдерімен танысып білу – біздің бүгінгі мақсатымыз. Әділеттік жолында қазіргі заманымыздың талабына сай, заңдарымызға сүйене отырып, шешім шығарып отырған судьяларымыз билердің жақсы қасиеттерін өнеге тұтып - адалдықты, шындықты ұмытпаса екен дейміз.

Пайдаланған әдебиеттер мен қайнар көздер:

1. М.С.Нарикбаев // Заң газеті. 26.08.1998ж.
2. С.З.Зиманов Қазақтың ата заңдары // Қазақтың билер соты-бірегей сот жүйесі.
3. Л.А.Словохотов Народный суд обычного права киргизов Малой орды //Труды Оренбургской ученой архивной комиссии Орынбор,1905г. Вып XV, 24-бет.
4. Ш.Андабеков Қазақтың ата заңдары // Қазақстандағы реформалар және билер соты. 73-бет.
5. Н.А.Назарбаев // Президентіміздің 2030 жылғы халқымызға арнаған жолдауында